



Рисунок 3 – Распределение напряжений τ_{xy} при $\alpha = \beta = 90^\circ$

Из проведенного исследования наиболее оптимальным углом расположения анкеров в кровле является

углы $\alpha = \beta = 90^\circ$.

Установлены зависимости максимальных нормальных напряжений по оси «у» в зависимости от угла наклона анкера:

$$\sigma_{\max}^y(\alpha) = 2.719 \cdot 10^{-5} \cdot \alpha^4 - 5.924 \cdot 10^{-3} \cdot \alpha^3 + 0.44 \cdot \alpha^2 - 13.053 \cdot \alpha + 153.45. \quad (2)$$

В таблице 2 приведены сравнительные результаты, полученные по эмпирической зависимости и численными данными.

Как видно из таблицы 2, погрешность при угле наклона 45 и 60° составляет менее 10% , а при угле наклона $30, 75, 90^\circ$ составляет менее 3% .

Выявленные закономерности изменения напряженно-деформированного состояния угля вмещающих породных массивов в зависимости от горно-геологических факторов позволяют в конкретных условиях эксплуатации устанавливать рациональные параметры крепления боковых пород для повышения устойчивости подготовительных горных выработок.

Таблица 2 – Сравнение результатов, полученных по эмпирической зависимости и численными данными

Угол наклона анкера (град.)	Максимальное касательное напряжение (МПа)		Погрешность (%)
	эмпирическая зависимость	численный метод	
30	55.589	54.1	-2.752
45	42.506	46.5	8.59
60	33.651	30.6	-9.972
75	29.026	29.1	0.255
90	28.629	29.1	1.62

□ОИ 622.271-622.682+622.684

С.С. □□Линз,
М.Д. Арыстан,
С.Ю. Асан,
А.А. Скорнякин

Кияқұламалы конвейерлерден құрастырылған үзілмелі-толассыз технологиялық кешенниң бейімделу жағдайлары

Үзілмелі-толассыз технологиялық кешендердің тиімділігін анықтайтын негізгі факторлар:

- тасымалдау жүктің көлемі;
- конвейерлі көтергілерді орнату бұрышы;
- тасымал жүктің түрі;
- кешенниң құрамындағы жабдықтардың техникалық және тұтынымдық көрсеткіштері;
- күрделі тау-кен жұмыстардың көлемі.

Ғылыми-техникалық макалаларды және патенттерді талдау арқылы анықталғаны: кен массаны кияқұламалы конвейерлі таспалармен тасымалдаудағы колданатын конвейерлердің құрылмалық түбекейлі айырмашылығы 18° -тан жоғары бұрышта тасымалданатын жүкті төменге қарай жылжып кетпеуден сактау. Бүтінгі таңда, әлемдік тау-кен саланың тәжірибесінде келесі кияқұламалы конвейерлер колданады:

- жүкті көтеру бұрышы $25-27^\circ$ кедір-бұдыр таспалы;
- көтеру бұрышы 90° -ка дейін, таспасы ұзындығы бойынша белгілі аралықта қөлденен бөлінген;
- көтеру бұрышы $30-50^\circ$ құбыр тәрізді;
- орнатылу бұрышы $50-90^\circ$ тасымалданатын жүкті таспамен үстінен қысып ұстайтын.

АҚШ Тау-кен бюросының зерттеулері бойынша,

айтылған конвейерлі таспалардың арасында тау-кен өндіру кәсіпорындарында қолдануға тиімді екі нобайлық «сэндвич» тәрізді тасымал жүкті үстінен ұстап тұратын конвейерлі таспа анықталған.

Ресейдің белгілі ғылыми-зерттеу институттары: Екатеринбург қаласындағы Тау-кен істер институты, Мәскеудің Мемлекеттік Тау-кен университеті және т.б. ізденіс жұмыстарының нәтижелерінде аталған кияқұламалы конвейерлі таспа қолайлы деп саналады. Бұл ұстаным, Ресей Ғылыми Академиясының Орал бөлімшесінің Тау-кен істер институтының ғалымдары және Қашар аршығының мамандарымен бірлесіп орындалған ғылыми-ізденіс жұмыстарында кияқұламалы конвейерлі таспаны қолданудың экономикалық тиімділігі анықталынған.

Есептеулерде кияқұламалы конвейерлі таспалардың келесі түрлері үлгі ретінде алынған:

- екінобайлық конвейерлі таспамен жабдықталынған арнайы үстінгі таспаны ұстайтын роликтер;
- беті кедір-бұдырланған екінобайлы конвейерлі таспа;
- қөлденен қоршалған тақтайша конвейерлер.

Кестедегі мәліметтер бойынша, ұзындығы бойын-

Раздел «Геотехнологии. Безопасность жизнедеятельности»

ша белгілі аралықта көлденең қоршалған конвейердің техника-экономикалық көрсеткіштері баскаларға карағанда едәуір тәмендігі анықталуда.

Техника-экономикалық көрсеткіштері бойынша беті кедір-бұрынған екінобайлы конвейер ең тиімді. Бұл конвейерлі таспаның артықшылықтары:

- конвейерлі таспаның бойында тасымалданатын жүктің сенімді орналасуы;

- албетте қысып тұрған элементтердің жүктеме мөлшерін бәсендешту қабілеттілігіне байланысты конвейерлі таспаның ұзындығы бойынша динамикалық жүктемелердің тәмендесуі;

- конвейерлі таспаның өнімділігі баскалармен салыстырғанда жоғары.

Зерттеу жұмыстардың жалғасында екінобайлық қия құламалы конвейерлі таспа қаралды. Зерттеу барысында конвейерлі таспаның жылжу жылдамдығы 3,15 м/с тен қабылданды және конвейердің орнату бұрышы 60°, жүкті қөтеру биіктігі 100 м-ден 600 м-ге дейін, аршықтың жылдық өнімділігі 5 млн-нан 30 млн т аралығында зерттелді.

Қияқұламалы конвейерлі таспалардың тиімді қолдану жағдайлары олардың үлесті күрделі және тұтынымдық шығындары, өнімділігі, үлесті металл және электрлі энергия қажеттілігі ескеріліп анықталды.

Есептеулер бойынша, конвейерлі көтергінің орнату бұрышы жоғарылауына байланысты негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерінің өзгермегені не бәсендеп азайғаны байкалды. Бұндай жағдайда күрделі тау-кен жұмыстардың шығындары қарқынды азайғаны анықталды. Албетте конвейерлі көтергінің орнату бұрышы 18°-тан 60°-қа дейін өсуіне қарай күрделі тау-кен жұмыстардың шығындары 16-49% аралығында азаюда. Осыған байланысты жалпы ұсатқыш-конвейерлі кешененнің қосынды күрделі және тұтынымдық шығындарының тәмендесуі анықталды.

Үзілмелі-толассыз технологияда конвейер қондырығысының басты конвейері қия бұрыш бойынша не диагональ бойынша, бойлық профилі 15°-18°тен аршықтың жұмыстық емес жағдайында үнгіленген орда орналасады.

Көбінесе, үзілмелі-толассыз технологияны қолданатын белгілі кен-байту комбинаттарда басты кон-

вейерлер диагональ бойынша аршықтың жұмыстық емес жағдайында орналасады.

Мысалы Украинадағы Ингuleцкий КБК үзілмелі-толассыз технология арқылы 18 млн т/жыл өндірім көлемі орындалады, Южный КБК үзілмелі-толассыз технология арқылы 20 млн т/жыл өндірім көлемі орындалады; Ресейдегі Стойленский КБК үзілмелі-толассыз технология арқылы 27 млн т/жыл қен өндірім көлемі орындалады, біздің еліміздегі құрылышы орындалып жаткан Актоғай КБК өндіру жұмыстары тольғы үзілмелі-толассыз технология арқылы бір жылда 50 млн т. көлемде орындалады. Актоғай ашық кеніші қен өндірілім бойынша әлемдегі ең ірі аршықтар қатарына кіреді.

Құрылыш және тау-кен дайындау жұмыстар көлемін және қаржат шығынының шамасын азайту үшін басты конвейер орналасатын орды, қия бұрыш бойынша, яғни енісі 40°-қа тен үнгіленуін ұсынамыз. Ордың бойлық профилі жоғарылануына байланысты тау-кен жұмыстар көлемі елеулі шамаға азаяды, осы ұсынысты дәлелдеу үшін келесі есептер жасаймыз және есептің нәтижесінде құрастырылған график арқылы ордың тиімді түрін анықтауға болады.

Ордың тиімді түрін анықтау үшін колданатын келесі баставы мәліметтер:

- ұсату-қайта тиесінде орнаның орнадаудан шоғырлану деңгейжиектің жер бетінен терендігі – 200 м;

- қия құлама ордың еніс бұрышы – 40°;

- аршықтың жұмыстық емес жағдайының енкею бұрышы – 45°;

- ор табанастының ені – 7 м;

- ор жағдайы қиябетінің бұрышы – 60°.

Қияқұлама ордың көлемін анықтау үшін В.В. Ржевскийдің тенденцияның пайдаланамызы [3]:

$$\kappa = H^2(\operatorname{ctg} I - \operatorname{ctg} \gamma_{\text{ж}}) \left[\frac{b}{2} + \frac{H}{3} (\operatorname{ctg} I - \operatorname{ctg} \gamma_{\text{ж}}) \frac{\operatorname{ctg} \alpha}{\operatorname{ctg} I} \right] \quad (1)$$

мұнда H – ордың ұзындығы, м-312м.

I – ордың еніс бұрышы;

$\gamma_{\text{ж}}$ – аршықтың жұмыстық емес жағдайының енкею бұрышы;

b – ор табанастының ені;

α – ор жағдайы қиябетінің бұрышы.

Кесте – Қашар аршығының тау-кен жағдайларына сәйкес орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстардың техника-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Конвейерлі көтергінің түрі			
	Әдеттегі таспалы	Екінобайлы қысу роликтермен жабдықталынан	Екінобайлы қысу гофралармен жабдықталынан	Екінобайлық тақтайша көлденең қоршалған
Конвейердің орнату бұрышы	16	35	35	35
Конвейерлі құрылманың ұзындығы, м	435	210	210	2×210
Таспаның ені, м: жүктасымаған нобайдың қысу нобайдың	1,6 -	2,0 2,0	1,6 1,6	2×1,4 -
Конвейерлі таспаның түрі: жүктасымаған нобайдың қысу нобайдың	РТЛ-6000 -	РТЛ-2500 РТЛ-1500	РТЛ-4000 РТЛ-3150	көлденең қоршалған тақтайша
Жетектің қуаты, кВт	3000	2890	2880	2×1520
Конвейердің массасы	435	450	393	2×354
Күрделі шығындар %	100	104	83	160
Тұтынымдық шығындар, %	100	107	93	166

$$V_k = 97344(1,19-1)[3,5+104(1,19-1)0,48] = 240065 \text{ м}^3. (2)$$

Диагональ бойынша орналасатын ордың көлемі келесі тенденциялы орындалады:

$$V_d = \frac{H_{u,d}}{4} [a(2H_{u,d}\sqrt{\operatorname{ctg}^2 I - \operatorname{ctg}^2 \gamma_{\infty}} + \frac{b}{\sin z}) + b^2 \operatorname{ctg} z] \quad (3)$$

мұнда $H_{u,d}$ – шоғырлану деңгей жиектің жер бетінен терендігі – 200 м.;

a – ордың биіктігі бойынша ені – 30 м.

I – ордың еніс бұрышы;

γ_{∞} – аршықтың жұмыстық емес жағдайының еңкею бұрышы;

b – ор табанастының ені;

z – ордың трассасымен аршық жағдайының арасындағы жанасу бұрышы – 30°.

$$V_d = 50[30(400\sqrt{3,732 - 1} + 3,5) + 84,86] = 995335 \text{ м}^3.$$

Есептеулер арқылы пайда болған шамаларды салыстырсақ кия құлама ордың көлемі төрт есе кем, диагональ бойынша орналасатын ордың көлемінен, сондыктан уақыт және шығын жағынан қарағанда да бұл орды үнгілеу онтайлы болады.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде үлесті көрсеткіштердің өзгеруі, жылдық жүкті тасымалдау көлеміне және аршықтың төрндігіне байланысты өзгеру қарқыны және бағыттары анықталды. Құрамында таспалы конвейерлер бар YTT кешенінің өнімділігі 5 млн т-дан 30 млн т-ға дейін өсуіне қарай, кен массаны тасымалдау биіктігі 100 м-ден 600 м-ге дейін өсуіне байланысты негізгі жабдықтардың үлесті күрделі шығындары 4,9-2,1 есеге дейін өзгереді, ал үлесті тұтынымдық шығындар 2,1-1,6 есеге.

Кен массаны көтеру биіктігі 100 м биіктікке өссе, үлесті көрсеткіштер келесі аралықтарда өзгереді: таспалы конвейерлермен жабдықталған конвейерлі желілердің күрделі шығындары 35-16%-ға, ал тұтынымдық шығындары 16-10%-ға өзгереді. Егер конвейерлі желілер кия құламалы конвейерлермен жабдықталса, күрделі шығындар 25-12%-ға және тұтынымдық шығындар 12-8%-ға сәйкес өзгереді. Шығындардың шамалары YTT кешенінің өнімділігі өсуіне қарай тәмендейді.

Кия құламалы конвейерлермен жабдықталған конвейерлі желілердің күрделі шығындары 1,3-2,5 есесінде үлесті тұтынымдық шығындары 1,2-1,5 есесінде тәмендейді.

Шығындардың тәмендеу карқыны, кен массаны көтеру биіктігі жоғарылауына қарай жоғарылайды. Тау-кен техникалық жағдайлары ұқсас кенорныңдағында қолданатын құрамында таспалы және кия құламалы конвейерлермен жабдықталған YTT кешенінің салмақтары бір-бірінен 3-12%-ға ғана айырмашылығы бар. Сенімділігі тұрғыдан қарағанда, таспалы конвейерлердің көрсеткіші жоғары. Кия құламалы конвейерлермен жабдықталған кешендердің өнімділігі жоғарылауына сәйкес алу-тиесінде биіктікке құрамындағы жабдықтар саны өседі.

YTT кешенінің жұмыскерінің жылдық есептік енбек өнімділігі 28-87 мың т. Жұмыскердің енбек өнімділігі экскаваторлы-автоқөлік биіктегі жабдықтардың түріне және жалпы YTT кешенінің өнімділігіне байланысты. YTT экскаваторлы-автомобилідің биілгінде экскаватордың түрі қолданыстағы ЭКГ-5 және автоөзіту-сіргіштің жүк көтергіштігі 42 т болған жағдайда ке-

шеннің жылдық өнімділігі 5 млн т-дан 20 млн т-ға жоғарыласа, жұмыскердің енбек өнімділігі 28-32%-ға өседі. Егер алу-тиесінде жұмыстарды ЭКГ-8И экскаватор атқарып, ал жинақтау көлік ретінде жүк көтергіштігі 110 т автоөзіту-сіргіш қолданылса, онда үзілмелі-толассыз технологияның құрамалы көлігімен жылдық жүк тасымалдау көлемі 20 млн т-дан 30 млн т-ға дейін өседі.

Тасымалданатын жүк конвейерлі көлікпен 100 м биіктікке дейін жеткізілсе, экскаваторлы-автомобилідің биілгітің құрамындағы жұмысшылар саны, жалпы үзілмелі-технологиялық жүйенің саны 76-90% құрайды.

Кен массаны 600 м биіктікке дейін конвейерлі көтергімен жүкті тасымалдаған жағдайда экскаваторлы-автомобилідің биілгітің құрамындағы жабдықтарға қызымет жасайтын жұмыскерлер саны жалпы жұмыскерлердің санынан 60-82%-ға дейін тәмендейді.

Жинақтау автокөліктің жұмыскерлер саны жалпы YTT жүйенің жұмыскерлер санының 45-65% құрайды. Ұсатқыш-конвейерлі кешенің жұмыскерлер саны жүк тасымалдау көлемі өсуіне қарағанда аз мөлшерде өзгереді және кен массаны көтеру биіктігіне қарай 6-7%-ға дейін өседі.

Әдеттегі конвейерлі таспалармен жабдықталынған YTT кешендерінің жұмысшыларының енбек өнімділіктерінен жоғары екені дәлелденді. Жүк көтеру төрндік 100 м-ден 600 м-ге дейін жоғарылаған сайын тасымал жүктің өсуі көлемінсөн қарамастан жұмысшының енбек өнімділігінің жалпы тәмендеуі 10-25%-ға дейін сакталады.

Зерттеу арқылы анықталғаны YTT кешендер өнімділігі жылына 10 млн т-ға дейін, жүк көтеру биіктігі 200 м-ден жоғары аршықтарда болған жағдайда кия құламалы конвейерлердің тиімді қолдануға болады. Бұндай жағдайларда кия құламалы конвейерлі YTT-лық кешендердің аз мөлшердегі 5-25% пайдалану шығындарға үлесті күрделі шығындар елеулі шамаға 13-30%-ға дейін тәмендейді, егер әдеттегі таспалы конвейерлермен жабдықталынған YTT кешендермен салыстырсақ жұмысшының енбек өнімділігі 8-20% жоғары.

Кия құламалы конвейерлердің кен массаны көтеру биіктігі 300 м-ден жоғары не аршықтың өнімділігі 30 млн т/жыл тен не жоғары болғанда, қолдануға тиімді. Бұндай жағдайда үлесті тұтынымдық шығындар тен болып, кия құламалы конвейерлермен жабдықталынған YTT кешендердің үлесті күрделі шығындары, қалыптасқан таспалы конвейерлермен жабдықталынған YTT кешендерге жұмсалатын шығындарынан 6-20%-ға тәмен.

Кия құламалы конвейерлердің қолдану нәтижесінде қосымша күрделі тау-кен жұмыстар көлемі 1,4-1,6 есесінде азаяды, осыған байланысты ауыл шаруашылықтан алынған жер телімінің көлемі тәмендейді және елеулі мөлшерде аршық алабындағы және оның маңындағы ауанын тазалығы жоғарылайды.

Ұсатқыш-конвейерлі кешенің жабдықтарын таңдау кезінде қажетті жылжымалы модульдерге назар аудару керек, яғни үш модульден жасақталатын ұсатқыш кайта – тиесінде қондырығыларға, ал конвейер ретінде өте тиімді пайдалануға кия құламалы кедір-

бұдырылы таспалық конвейерлерді. Осы конвейерлерді орнату нәтижесінде күрделі тау-кен құрылым жұмыстар көлемі 5млн м³-ге төмендей, құрылым мезгіл 1,5 жылға дейін азаяды.

Жалпы жабдықтар аршықтың қазу аймақтарын және аршықтың жұмыс аймағын ескеріп таңдалады. Аршықтың орташа деңгейлерінде жұмыс аймағында өзіжүргі қайта тиесу қондырыларды, ал тәменгі және соңғы деңгейлерінде кертпешаралық тиесуіштерді, жылжымалы конвейерлер мен көпірлерді қолдануға тиімді. Осы айтылған жабдықтар аршықтың терендеуіне қарай және қазудың тау-кен техникалық жағдайларына бейімделуі тиісті.

Үзілмелі-толассыз технологияның артықшылықтарын іс жүзінде іске асыру максатымен терен карьердің жұмыс аймағын қаркынды өзгертіп не YTT бейімделу деңгейін жоғарылатуға ете тиімді. Бүтінгі таңда қияқұламалы конвейерлерді қолдануға тиімді. Бұл конвейерлер YTT терен аршықтарда бейімделуіне келесі факторларды жақсарту арқылы мүмкіндік туғызады:

- тасымалдау жұмыстарының қашықтығын азайту арқылы;
- конвейерлі таспалардың ұзындығы қыскарады;
- тау-кен күрделі жұмыстар көлемі төмендейді және құрылымда қажетті уақыт мөлшері азаяды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фисенко Г.Л. Устойчивость бортов карьеров и отвалов. М.: Недра, 1965. 378 с.
2. Методические указания по определению углов наклона бортов, откосов уступов и отвалов строящихся и эксплуатируемых карьеров. Л., 1972. 165 с.

□ОЖ 622.28

**К.М. БЕЙСЕМБАЕВ,
С.С. ЖЕТЕСОВ,
Г.Б. АБДУТАЛИЕВА**

Қазу қондырылышы

Көмірді жер асты газсыздандыру үдірісіндегі ағым-жұмыс көрсеттерінде болады. Жер асты газдың қорының құрамына, көбінесе температурага тәуелді және тотығу реакциясы кезінде жер астының қысымьы газогенераторда, үрлеудің көрсеттерінде болады. Жер асты газдың қорының үдірісіндегі қажетті жағдайларының біреуі болып жоғары температураны бір қалыпта ұстау, мұндағы диффузия жылдамдығын ұлғайту және химиялық өзара әсерінен пайда болған заттар болып саналады. Соңғы уақытқа дейін, жер асты газогенераторында қысымды ұлғайту, мұндағы газдың үдірісінің ағымына әсер етпейді. Бірақта қазіргі уақытта пайда болған едәуір қысым, жер асты генераторында елеулі нәтиже береді.

Көмірді жер асты газдың әдісінде күмәнсіз құндылыктарға қарамай (алынған өнім қолдануда ынғайлы, өндірістің күрделі шығыны зор емес, адам қатысуының көмірді өндіру), жетіспеушіліктер шындығында бір талай, өндірісте оны пайдалану кезінде қажетті мөлшерде қосымша зерттеулер қажет.

Көмірді жер асты газдың үдірісінде күмәнсіз құндылыктарға қарамай (алынған өнім қолдануда ынғайлы, өндірістің күрделі шығыны зор емес, адам қатысуының көмірді өндіру), жетіспеушіліктер шындығында бір талай, өндірісте оны пайдалану кезінде қажетті мөлшерде қосымша зерттеулер қажет.

Көмірді жер асты газдың үдірісінде күмәнсіз құндылыктарға қарамай (алынған өнім қолдануда ынғайлы, өндірістің күрделі шығыны зор емес, адам қатысуының көмірді өндіру), жетіспеушіліктер шындығында бір талай, өндірісте оны пайдалану кезінде қажетті мөлшерде қосымша зерттеулер қажет.

Тиімді тотықтырышты сутекті үрлеумен қолданады және су буымен, оттегімен, синтетикалық газбен оны соңғы өнімнің калориясын ұлғайту максатында қолданады.

УВТ-0,3 қазу қондырылышы адам қатысуының көмірді қазып алу кезінде көмір тактасын бекітумен, яғни кенжар іргелік кеністікте, сонымен қоса киын опырылатын төбені орташа қалындығымен қазу ала-

бында және жұка қабаттарда көмір қорының қазба жұмысы қабаттарында және кейбір мөлшердегі аудандарда төбені ақырын түсіруін талап етеді (кейбір ғимараттардың қорғау мақсатында).

Көмір өндірудің УВТ-0,3 қазу қондырылышына тоқталсақ, көмір тактасын бағаналы схема арқылы қазып алу кезінде тікелей және кері тәртіппен өндіруді бағанасын жылжи отырып, тазалау фронттының қуламасы бойынша және қабаттың жазылымы бойынша жүргізілген. Бағана қазбада және жедеткіш қазбада дайындалады да, арасына тілме пеш бүрғылап тесу машиналары шнектермен опырады. Тілме пешке УВТ-0,3 қазу қондырылышы енгізіледі де, сонында (көлік және жедеткіш штректерде) электржетекпен, беріліс жүйесімен және энергопоезд домалақ шассимен жүргізіледі [1].

Лавада адам қатысуының көмірді қазып алады, тозған кескіштің орнына және штрек жабдығында профилактикалық жөндеу жүргізіледі. Кенжар жабдығының сенімділігі мынадай түрде есептелген, бұл қазып алуша апаттың жұмыстың болуына кепілдік береді. Осыдан кейін егерде кенжардың жабдықтарында апат болған жағдайда және ұзак түрған жағдайда жетек қосылса, қазу қондырылышы тасымалдау штрегіне беріледі де, мұнда жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Кондырылыштың қайтадан іске косу үшін жана тілме пеш кесіледі. Зерттеулер нәтижесінде едәуір алабтарда төбені ақырын түсіруін талап етеді, тіпті қабаттың орташа қалындығында (3,0-3,2 м дейін) қазымның жұка қабаттарында (0,2-0,3 м) тиімді қолданады және төбені ақырын түсіру кезінде тау-кен сілеміне байланысты.

Көмір өндірудің технологиясындағы УВТ-0,3 қазу қондырылышын қолданғандағы жетістіктер мен жетіспеушіліктерді келесілерден келтіруге болады:

1. Адам қатысуының көмірді қазып алушың қағи-